

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті  
Дәрігерге дейінгі дайындық кафедрасы

Дәрігердің әріптестерімен

өзара қатынасының ерекшеліктері

Орындаған: Жасұзақ М.М.

Тексерген: Даулетова С.Т.

2010ж

# Жоспар:

1

- Кіріспе
- Дәрігер және коллектив

2

- Дәрігерге мінездеме беру
- Мейірбике типтері (И.Харди бойынша)

3

- Тренинг
- Қолданылған әдебиеттер



# Кіріспе

Дәрігердің әріптестерімен коммуникативті дағдыларды дұрыс қолданылуы және медицинадағы психологиялық жұмыс-бұлар қазіргі кезде еліміздегі денсаулық сақтау жүйесіндегі ең басты, актуалды дамушы бағыт болып отыр. Дәрігер мамандығының психологиялық қызметі кәсіптік бақылау құндылықтарымен, мақсатымен, психологиялық мәдениетімен байланысты ішкі инстанциялардың құрылуымен жүреді. Бұл дәрігер маманының қоршаған ортадағы мінезімен ерекшеліктерін анықтап, дәрігердің кәсіптік қызметіндегі өзін ұстауымен және әлеуметтік белсенділігінің психологиялық регуляциясын қамтамасыз етеді. Медицина қызметіндегі ең қажет мотиватор болып, қызметіне бағдар беріп, қажеттіліктерін және қызығушылықтарын анықтайтын құндылық жүйесі болып табылады. Бұл байланыста коммуникативті үрдістің және оның компоненттерінің қыр - сырын танып білу аса қажет. Кәсіптік компетенттіліктің ең қажет бөлігі коммуникация түсінігі және қатынасу дағдылары.

## *Дәрігер және коллектив*

**Дәрігердің өз әріптестерімен, мейірбикелермен, кіші медицина қызметкерлерімен (санитаркалармен) т.б. Коллектив мүшелерімен өзара қарым - қатынастары медициналық этика мен деонтологияның бір өте маңызды және күрделі мәселелердің бірі. Дәрігерлер коллективінде өзара қарым-қатынас көрсеткіші сол емдеу мекемесін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі десек қателеспейміз.**

□ Дәрігердің ауру адамды емдеу жұмысы табысты болуы үшін коллектив мүшелерінің өзара қарым - қатынасы жоғары моральдік деңгейде болуы керек. Ол үшін әр дәрігердің бойында: оның адамгершілігін, білімділігін, кішіпейілділігін сипаттайтын моральдік қасиеттер тән болуы қажет. Бұл қасиеттердің негізін мыналар қалайды:

- жоғары деңгейдегі профессионалдылық білім
- жалпы мәдениеттілік
- инабаттылық
- кішіпейілділік
- жолдастық сезім
- өзінен басқа адамды түсініп, тыңдай білу
- басқалармен санасу
- басқалармен сыйласа білу.



# *Дәрігер мен мейірбикеге мінездеме беру*



Дәрігер мен мейірбикеге  
мінездеме  
беру барысында оның  
қызметтік шеберлігі,  
қоғаммен қарым –қатынасы,  
мәдениеттілігі, тыңдау және  
түсіне білу, қызметіне деген  
жауапкершілігі, барлық  
медицина қызметкерлерінен  
талап етілетін нормалар  
есепке алынуы қажет.


# И.Харди “Дәрігер, мейірбике, науқас” кітабында мейірбикелерге мінездеме беру барысында мейірбикелердің 6 типін ажыратады:

- I. Мейірбике - рутинер. Оларда өз міндетерін атқару басым. Яғни науқасқа барлық қолайлы жағдайды жасайды, бірақ науқасқа эмпатия, симпатия танытпайды. Мұндай мейірбикелер науқасқа дәрі беру үшін ұйқысынан оята алады.
- II. Мейірбике “рольде ойнаушы” Мұндай мейірбикелер жұмыс барысында рольге енеді. Ол альтруистің, қайырымды жанның ролін ойнайды. Рольге тым енгенде мейірбикеде шынайлық қасиеттер болмайды.



- III. Нервті тип. Олар ашушаң келеді. Көп жағдайда ауру жұқтырудан немесе клиникалық көрнісі ауыр жағдайда өтетін аурулардан қорқады және өз міндеттерінен қашқақтайды немесе дұрыс атқармайды. Сондықтан да бұл мейірбикелер жұмыста кедергі тудырып, науқастрға кері әсерін тигізеді.
- IV. Психикасы күшті мейірбикелер. Оларды бірден тануға болады. Себебі олар өздерінің шешім қабылдауымен, тұрақтылығымен, ретсіздіктерге төзбейтіндігімен ерекшелінеді.
- V. Ана кейпіндегі мейірбике. Олар науқасқа максималды жағдай жасайды. Қамқорлық көрсетеді және өз міндетін тыңғылықты атқарады.
- VI. Специалистік тип. Ерекше қасиетті , қызығушылығы өзгеше , өз жұмысын бар ынтасымен орындайтын тип. Оларға арнайы тапсырмалар қабылдайтын қызметкерлер жатады.





## Тренинг туралы ақпарат

Тренинг қатысушыларға өздерінің тәжірибелеріне қорытынды жасауға, дамуы мен жақсаруын анықтауға, коммуникативті дағдыларды жасап үйренуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, тренинг ерекше науқастармен қарым-қатынасты жоғарлатуға бағытталады.

# Тренинг мақсаты мен міндеті:

1. VIP-науқастар мен «ерекше науқастарға» қызмет көрсеткенде клиниканың стратегиялық мақсаттарының контекстінде дәрігердің жеке мақсаттары мен міндеттерін кірістіруді кеңейту және талқылау
2. Эффе́ктивті іскерлік коммуникацияларды өткізу әдістері мен технологияларын, араласу техникасын меңгеру
3. Дәрігердің өзіндік презентациясын, емдеу презентациясын, науқаспен қарым-қатынас орнату, науқастың қарсылығымен жұмыс жасау, жауапкершілікті бөлуді құрастыру

**4. Тренингке қатысушылардың коммуникациялық қабілеттерін дамыту, басқарылатын профессионалды коммуникацияның дағдыларын құрастыру.**

**5. Дәрігердің VIP-науқастармен жұмыс міндеттерін шешу барысында конструктивті қарым-қатынасты құрастыру.**

**6. Тәжірибеде алынған білім мен дағдыларды қорытындылау**

“Дәрігерлерге арналған тренинг. Ерекше қарым-қатынасты қажет ететін науқастармен араласу” тренингінің ақпараты

Тренингке кіріспе

1. “Қыздыру”-VIP-науқастары мен қатысушылармен бар тәжірибенің негізінде қатынасу
2. Қатысушылардың мақсаттары мен күтімдерін анықтау, нақты және арыздайтын қажеттіліктерін экспресс-диагностикалау

## *Модуль 1. Қарым қатынасқа дайындалу*

- Қарым-қатынас үрдістері мен оларға қатысушылар туралы көзқарас
- Дәрігердің бағыттары, өзіне, өзінің клиникасына, VIP-науқасқа мамандығына позитивті қатынас. «Өзіне өзі сену» түсінігі. Рефлексия, қобалжумен жұмыс.

## *Модуль 2. VIP-науқастардың назарларын аудару және қатынас орнату*

- Қарым-қатынас орнату
- Байқағыштық, вербальді емес қатынастың компонентін актуализациялау.
- VIP-науқаспен жеке кездесу кезінде кеңістікті құрастыру әдістері.
- Зейінді орталықтандыру, формальді емес ұзақ уақытты қатынасты жасау.



# Қорытынды

Қорыта айтатын болсақ, дәрігердің әріптестерімен қарым-қатынас жасауы күнделікті жұмыста өте маңызды роль атқарады. Дәрігер әріптестерімен қатынаспай дұрыс жұмыс жасап, алға қарай жүре алмайды. Әріптестерін түсіне білу, олардың көзқарастарына ортақтасу, керек жағдайда көмек көрсете білу, психикалық күйзеліс кезінде немесе басқа қиын жағдайда дұрыс сөз айтып, қолынан келгенше көмек көрсете білуі де дәрігер үшін маңызды аспектілердің бірі.

# Сөзжұмбақ.

					<i>Д</i>	е	о	н	т	о	л	о	г	и	я
			к		<i>Ә</i>	с	і	п	т	і	к				
		д	е	п	<i>Р</i>	е	с	с	и	я					
ү	р	е	й	л	<i>І</i>										
			э	р	<i>Г</i>	о	п	а	т	и	я	л	ы	қ	
я	т	р	о	г	<i>Е</i>	н	я								
к	а	т	о	с	т	<i>Р</i>	а	ф	а						



- 1.Мед персонал арасындағы қарым –қатынас
- 2.Керекті сөзді қойыңыз. . . . . катострофа науқас өліміне дәрігер өзін кінәлі сезінуі.
- 3.Kubler Ross стадиясының атауы.
- 4. Сырқаттың қолайсыз ағымына, мүмкін болатын асқынуларына, емнің тиімсіздігіне секімшіл болу, үнемі үрейлену. Жаңа емдеу әдістерін іздестіру, сырқат, асқынулары, емдеу әдістері туралы қосымша ақпараттар жинауға жанталасу, «авторитеттерді» тынымсыз іздеу. Ипохондриядан ерекшелегі сонда сырқат туралы объективті мәліметтер (анализдер қорытындысы, мамандардың шешемі) көп қызықтырады. Сондықтан өзінің шағымдарын айтқаннан гөрі, басқалардың айтқандарын тыңдағанды қалайды. Көңіл-күйінің үрейлігі, жабырқану – үрейдің салдарынан туындайды. Типін табыңыз?
- 5. Сырқаттан жұмысқа беріліп кету». Сырқаттың ауырлығына, қиналуына қарамастан жұмысын жалғастыруға тырысады. Бұрынғыдан гөрі ынтамен жұмыс істейді, барлық уақытын жұмысқа арнайды, емделуге тырысады, бірақ жұмысты жалғастыру мүмкіндігін тастамайды. Типін табыңыз?
- 6.Дәрігердің дұрыс жасалмаған емі.....
- 7.Дәрігер науқас өліміне өзін кінәлі сезінуі аталады – кәсіптік . . . . .

# Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- П.И. Сидиров, М.Е. Путин, И.А. Коноплева  
“Деловое общение”
  - Матвеев В.Ф.  
“Основы медицинской психологий, этики и диентологий”
- 